

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің шекаралары арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өткізілуін кедендік бақылау кезінде ақпараттық технологияларды қолданудағы бірыңғай тәсілдер туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 10 сәуірдегі N 263 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің шекаралары арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өткізілуін кедендік бақылау кезінде ақпараттық технологияларды қолданудағы бірыңғай тәсілдер туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің шекаралары арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өткізілуін кедендік бақылау кезінде ақпараттық технологияларды қолданудағы бірыңғай тәсілдер туралы келісімге қ о л қ о й ы л с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің шекаралары арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өткізілуін кедендік бақылау кезінде ақпараттық технологияларды қолданудағы бірыңғай тәсілдер туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің үкіметтері,

Біртұтас экономикалық кеңістікте тең құқықтық бәсекелестікке, макроэкономикалық тұрақтылыққа, келісілген салық, ақша-кредит, валюта-қаржы және кеден саясатын қамтамасыз етуге ықпал етуді қалай отырып,

Тараптар мемлекеттерінің шекаралары арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізуді жеделдету мен жеңілдетуге, тауарлар тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, тауарларды заңсыз өткізудің алдын алуды, Тараптар мемлекеттерінің экономикалық мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге ниет ете отырып,

Тараптар мемлекеттерінің Кеден рәсімдерін оңайлату мен үйлестіру туралы халықаралық конвенцияға (Киот конвенциясы) қосылуы үшін жағдай жасай отырып,

ақпарат өңдеудің қазіргі заманғы тәсілдерін пайдалануға және ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану аясын кеңейтуге шаралар қабылдай
о т ы р ы п ,

кеден органдарының қызметінде ақпараттық технологияларды пайдалануды регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіруге және Тараптар мемлекеттерінің шекаралары арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау кезінде ақпараттық технологияларды тиімді қолдануды қамтамасыз е т у г е ұ м т ы л а о т ы р ы п ,
мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін пайдаланылатын терминдер мынадай мәнді б і л д і р е д і :

"құжат" - материалдық жеткізгіште тіркелген, ақпаратты бірдейлендіруге мүмкіндік беретін не белгіленген тәртіппен оның материалдық жеткізгішін бірдейлендіруге мүмкіндік беретін деректемелері бар ақпарат;

"ақпаратты қорғау" - ақпараттың тұтастығы мен сақталуын қамтамасыз ету, оны санкцияланбаған өзгертуге немесе жоюға жол бермеу, қол жеткізу шектеулі ақпараттың құпиялылығын сақтау, ақпаратқа қол жеткізу құқығын іске асыру, сондай-ақ ақпаратты өңдеу, беру және сақтау құралдарына санкцияланбаған ықпал етуге жол бермеу мақсатында құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық (бағдарламалық-техникалық) шараларды қабылдау;

"ақпарат" - оларды іздеу, сақтау, өңдеу, беру немесе тарату тәсіліне қарамастан, мәліметтер, хабарлама немесе деректер;

"ақпараттық жүйе" - ақпараттың, оның ішінде дерекқорда қамтылған ақпараттың және ақпаратты іздеуді, сақтауды, өңдеуді, беруді немесе таратуды қамтамасыз ететін құ р а л д а р д ы ң ж и ы н т ы ғы ;

"ақпараттық-телекоммуникациялық желі" - қол жеткізу есептеу техникасын пайдалана отырып, жүзеге асырылатын ақпаратты байланыс желілері арқылы беруге арналған т е х н о л о г и я л ы қ ж ү й е ;

"ақпараттық технологиялар" - ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, беру немесе тарату ә д і с т е р і м е н т ә с і л д е р і ;

"қол жеткізу шектеулі ақпарат (құпия ақпарат)" - Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес қол жеткізу шектелетін ақпарат;

"ақпараттық өзара іс-қимыл" - ақпараттық технологияларды қолдана отырып, ақпарат алмасу мақсатындағы өзара іс-қимыл.

Осы Келісімде арнайы айқындалмаған терминдер Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында белгіленген мәнде пайдаланылады.

2-бап

Осы Келісімнің мақсаты кеден органдарының алдына қойылған міндеттердің орындалу тиімділігін арттыру, ақпараттың тиісті дәрежеде қорғалуын қамтамасыз ету кезінде кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау тетіктерінің ақпараттық ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету үшін Тараптар мемлекеттері кеден органдарының қызметінде ақпараттық технологияларды қолдану саласында бірыңғай тәсілдерді әзірлеу, оның ішінде:

кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау уақытын қысқарту;

Тараптар мемлекеттерінің арасындағы шекараларда кедендік бақылау рәсімдерін оңайлату, сондай-ақ шекаралық өткізу пункттерінде бірлескен кедендік бақылауды ұйымдастыру үшін жағдай жасау;

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүргізу кезінде қабылдайтын шешімдердің тиімділігін арттыру;

ақпараттық өзара іс-қимыл негізінде Тараптар мемлекеттері кеден органдарының ақпараттық ресурстарын қалыптастыру;

одан әрі ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру мақсатында ақпараттық жүйелер құруды таңдау мен тәсілдің келісілуі;

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары арасында деректермен ақпараттық алмасудың жеделдігін арттыру болып табылады.

3-бап

Өз мемлекеттерінің шекаралары арқылы тауарлар мен көлік құралдарының өткізілуін кедендік бақылау кезінде ақпараттық технологияларды қолдану саласында бірыңғай тәсілдерді әзірлеу үшін Тараптар мынадай міндеттерді бірлесіп шешеді:

кеден органдарының ақпараттық технологияларды пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында, оның ішінде халықаралық практиканы ескере отырып, Тараптар мемлекеттерінің заңнамасын және Біртұтас экономикалық кеңістікті (бұдан әрі - БЭК) құруға бағытталған халықаралық шарттарды жетілдіру;

кеден органдарының ақпараттық-технологиялық инфрақұрылым элементтерін, автоматтандырылған жүйелері мен ақпараттық ресурстарын жасау және енгізу, оларды құру және бірлесіп пайдалану саласындағы стандарттарды әзірлеу;

Тараптар мемлекеттері кеден органдарының тиімді ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін, куәландыратын орталықтар жүйесінің жұмыс істеуін ескере отырып, ақпараттық-телекоммуникациялық желіні дамыту;

кеден органдарының ақпараттық өзара іс-қимылын жүзеге асыру үшін қажетті деректермен алмасудың қолда бар регламенттерін, техникалық жағдайларын пайдалану және жаңаларын әзірлеу;

кеден органдарының ақпараттық өзара іс-қимылын біріздендіруді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты жіктеу және кодтау жүйесін қалыптастыру;
кеден органдарында ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету;
Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары үшін жаңа ақпараттық жүйелерді жасау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру және консультациялар өткізу.

4-бап

Тараптар мемлекеттері кеден органдарының ақпараттық ресурстарын қалыптастыру және ақпараттық өзара іс-қимылды дамыту өз мемлекеттерінің кеден заңнамасын біріздендіру дәрежесіне байланысты кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

5-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары ақпарат алмасуды өз құзыретінің шегінде Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес екі жақты және/немесе көп жақты негізде жүзеге асырады.

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары ақпараттық өзара іс-қимыл технологиясын пысықтау үшін ақпарат алмасу бойынша эксперименттер ұйымдастырады және жүзеге асырады.

6-бап

Ақпаратты қорғау Тараптар мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Ақпараттық өзара іс-қимыл Тараптардың алынған ақпаратты қорғаудың мұндай ақпаратты ұсынған мемлекетте қолданылатыннан кем емес қатаң режимін қамтамасыз ету шартымен жүзеге асырылады.

7-бап

Кедендік реттеу мәселелері бойынша ақпаратқа мемлекетаралық деңгейде қол жеткізуді қамтамасыз ету және Тараптар кеден органдарының алдында тұрған міндеттерді шешу кезінде оны бірлесіп пайдалану үшін кеден органдарының мемлекетаралық ақпараттық ресурстарын қалыптастыру жөнінде іс-шаралар өткізіледі.

Кеден органдарының мемлекетаралық ақпараттық ресурстары Тараптар мемлекеттері кеден органдарының ақпараттық ресурстары негізінде қалыптастырылады және кедендік реттеу саласындағы ақпаратты (сыртқы экономикалық қызмет мәселелері жөніндегі анықтамалықтар, валюта түрлерінің, әлем

елдерінің, өлшем бірліктерінің жіктеуіштері, өзге жіктеуіштер, сондай-ақ ақпарат алмасу үшін қолданылатын электрондық хабарламаларды сипаттаудың стандарттары) қамтиды.

8-бап

Тараптар мемлекеттері кеден органдарының ақпараттық-телекоммуникациялық ж е л і с і :

ақпараттық технологияларды қолдану негізінде қазіргі заманғы телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну;
регламенттелген ақпараттық өзара іс-қимыл үшін байланыс инфрақұрылымын құру;

кеден органдарының ақпараттық ресурстарына мемлекетаралық деңгейде қол ж е т к і з у д і ұ с ы н у ;

ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, сапалы және сенімді ақпаратты беру үшін пайдаланылады.

9-бап

Тараптар электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, ақпараттық өзара іс-қимыл жасау тәртібін қосымша айқындайды.

10-бап

Тараптар мемлекеттері кеден органдарының автоматтандырылған жүйелерінің, ақпараттық технологияларының және ақпараттық ресурстарының ақпараттық қауіпсіздігі ақпаратты қорғау бойынша келісілген талаптарды қолдану негізінде қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары сертификаттаған ақпарат қорғау құралдарын пайдаланады.

Кеден органдарының автоматтандырылған жүйелері мен ақпараттық ресурстарын пайдалануды бақылау, қорғау мониторингтің кешенді жүйесін жасау және Тараптар мемлекеттері кеден органдарының ақпараттық технологияларымен, автоматтандырылған жүйелерімен және ақпараттық ресурстарымен жұмыс жасау кезіндегі операцияларды есепке алу негізінде қамтамасыз етіледі.

11-бап

Тараптар осы Келісімді іске асыру кезінде өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес зияткерлік меншік құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етеді.

12-бап

Ақпараттық технологияларды қолдану саласындағы бірыңғай тәсілдерді әзірлеу және Тараптар мемлекеттері кеден органдарының қызметінде ақпараттық технологияларды қолдануды қамтамасыз ету бойынша Тараптардың өзара іс-қимылын келісу Тараптардың келісімі бойынша не БЭК-тің құру және қызмет тәртібі жеке келісіммен айқындалатын бірыңғай реттеуші органына Тараптар өкілеттіктерінің бір бөлігін беру жолымен жүзеге асырылады.

13-бап

Тараптар мемлекеттерінің кеден органдары алған ақпарат кедендік мақсаттар үшін пайдаланылады және көрсетілген ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша келісімінсіз берілмейді.

14-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптардың кез келгені дауды БЭК шеңберінде дауларды шешу жөніндегі органға шешуге бере алады.

15-бап

2003 жылғы 19 қыркүйектегі Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің мақсаттары мен қағидаттарын бөлісетін кез келген мемлекет осы Келісімге қатысушы бола алады. Осы Келісімге қосылу шарттары Тараптар мен қосылатын мемлекет арасында жасалатын келісімде айқындалады.

16-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

17-бап

Осы Келісім 2006 жылғы _____ қаласында қол қойылған Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі халықаралық шарттардың күшіне ену тәртібі туралы хаттамада көзделген тәртіппен қажетті мемлекетішілік рәсімдерді жүргізгеннен кейін күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады. Кез келген Тарап Депозитарийге осы Келісімнен өзінің шығу ниеті туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Келісімнен шыға алады. Мұндай Тарап үшін осы Келісімнің қолданылуы Депозитарий жазбаша хабарлама алған күнінен бастап 12 (он екі) ай өткеннен кейін тоқтатылады.

Осы Келісімге сәйкес алынған ақпаратты қорғау бойынша міндеттеме оның қолданысы тоқтатылғандығына немесе қандай-да бір Тараптың одан шығуына қарамастан күшінде қалады.

200 __ жылғы _____ қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Түпнұсқа дана Депозитарийде сақталады. 2003 жылғы 19 қыркүйектегі Біртұтас экономикалық кеңістік құру туралы келісімнің 4-бабына сәйкес Біртұтас экономикалық кеңістіктің Комиссиясы құрылған және оған өкілеттіктер берілген сәтке дейін БЭК құру жөніндегі халықаралық-құқықтық құжаттардың депозитарийі Қазақстан Республикасы болып табылады.

Депозитарий Тараптардың әрқайсысына келісімнің куәландырылған көшірмесін жібереді.

Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін
Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін
Кабинеті үшін

Қазақстан Республикасының
Украинаның Министрлер